

Ақкөл ауылына – 80 жыл

Ел басына күн туып, сұрапыл соғыс жүріп жатқан кез. 1942 жылдың көктемі. Ер-азамат тегіс майданға аттанып, ел ішінде бас көтерер еркек аз қалған, кілең қатын-қалаш, шал-шауқан. Қожан Арынов «Ақкөл» кеңшарының №1 фермасында сауын сиыр бағып жүреді. Бір табын малды түнімен жайып, таң ата ауылға айдап әкеледі де, қалжыраған ол әдеттегідей мызғып алмақшы болып үйіне кетеді. Көзі ұйқыға ілігіп кеткенін-

Бүгінгі күні астаналықтарға айналған ерлі-зайыпты Сүйіндік аға мен Бибіжан апа - ұзақ жылдар бойы Екібастұз қаласында жемісті еңбек еткен адамдар. Өз басым бұл кісілерді ғана емес, қос қарияның әке-шешелерін де білуші едім. Сүйіндік ағаның әкесі Қожан қарт атан жілікті, бойы сырықтай алпамса адам еді. Ауылдың көрі-жасы ол кісіні «Қасқыр ауыз Қожан» деп атайтын-ды. Оның мұндай лақап атты жамылуына мына бір оқиға себеп болғанын бала күнімде анам Дәметтен сан мәрте естіген едім.



Кеңшар іргесін қаласқандар

де «Малға қасқыр шапты» деп аттандап жеткен хабаршының даусынан шошып оянады да, киінуіне мұршасы болмай, дамбалшақ қалпы базға тұра жүгіреді. Алты айлық бұзаудың қара санына ауыз салып, жағы қарысып қалған көкжалды сауыншылар қаумалап тұр екен. Алып күштің иесі Қожан қасқырды құйрығынан ұстап үш рет шыркөбелек айналдырғанында, көкжалдың азуы бұзаудан ажырап кетеді де, көтеріп жерге соққанында жантасылым етеді.

Осылайша жалаң колмен қасқыр соққан



тиянақты атқарып, еңбек-қорлығымен танылады. Соғыс жылдары қамыс шауып, оны екі егіз жегілген шанаға тиеп, ауылға отын тасиды. Ол уақытта көмір түгіл тезек те бола бермейді, қыс бойы ауыл үйлері қамыс жағып шығушы еді.

Соғыс аяқталып, ел еңсесін тіктеген тұста шаруашылыққа техника келе бастайды. Лақас Бегімбаев ХТЗ тракторын тізгіндейді. Ауыл адамдары электр жарығы игілігін өлі көрмеген кез, қараңғылық орнағанда пілте шам жағатын. Лақас ата күнімен жұмыста бо-

қолмен қасқыр соққан Қожан Арынов іле-шала сол жылдың жазында майданға алынады. Қиян-кескі шайқастарда ерлік көрсетіп, бірнеше жауынгерлік медальді өңіріне қадайды да, Кенигсберг қаласын алуға қатысқаны үшін



ата күнімен жұмыста болып, ымырт үйірілгенде үйіне келсе, Қайша әже «Үйде керосин таусылып қалды. Бір құты май құйып ала келсең көнеки» демей ме, сонда шалы: «Не айттып тұрсың өзің?! Керосинді жұрттың бәрі ала берсе, трактор қайтіп жүрмек?!» - деп кейіпті. Осындайда бұрынғының адамдары



бас қолбасшы Сталиннің Алғыс хатына ие болады. Ол елге 1945 жылдың желтоқсан айында оралып, бір отар қойды қабылдап алып, шопан таяғын ұстайды. Адал еңбегі жанып, төл алу мен жүн қырку жоспарын жыл сайын асыра орындайды. Майталман шопан екі мәрте Бүкілодақтық Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесіне қатысып, күміс және алтын медаль-

дәрмен марапатталады. Аудан мен облыс көлемінде алған наградалары өз алдына бір төбе. «Ақкөл» кеңшарының іргетасын көтерушілердің бірі Қожан Арынов 1957 жылы құрметті еңбек демалысына шықты. Жұбайы Бәтия апа соғыс жылдары бел жазбай еңбек етсе, кейінгі жылдары отағасымен бірге шопандық кәсіптің ыстық-суығын бірге көтерісті. Ерлі-зайыптылар бес баланы ер жеткізіп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, немере-жиендерін қызықтады.

Айтпақшы, шал мен кемпірдің бауырына салған немересі, менімен тетелес Қанат екеуіміз Бәтия апамыздың құрт-ірімшігін талай бірге жеп, жаздың ыстығында шалап ішіп шөл басушы едік. Бір жолы үй іргесінде қаз жайып көлеңкелеп отыр едім, арсалаңдап Қанат жетіп келді.

- Жүр. Біздің үйге барайық. Квас ішеміз,-дейді елпілдеп.

Ауыл баласы үшін қымыз бен айран, тіптен дүкеннен сатып алатын лимонад та таңсық емес, әйтсе де квас аталатын сусын барын білмеуші едім. Сөйтсек, бұған дейін біз дәмін татып көрмеген сусынды Қанат досымның қалада тұратын әке-шешесі әкелген екен. Сүйіндік Қожанов Екібастұз аудандық ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының орынбасары болып қызмет істесе, біздің ауылдан алғашқылардың бірі болып Алматыдағы Қазақ қыздар

педагогикалық институтын тәмамдаған жұбайы Бибижан Лақасова №3 кешкі мектепте мұғалім болатын.

Айтпақшы, Бибижан апаның әке-шешесі Лақас ата мен Қайша әже де көршіміз еді. Қора-қопсысы жапсарлас салынған шатыры жоқ там үйде тұрды. Сол үйдегі жалғыз ұл - менен үш-төрт жас ересек Дәулет алғыр бала, бір үйдің әрі еркесі, әрі тентегі. Ауыл шетіндегі Береговая көшесінің балалары жаз бойы сан түрлі ойын қызығына батушы едік. Сондай күндердің бірінде Дәулет Қауанды ренжітіп алды. Мал қайырып келе жатқан Әбілшайық ата мұны байқап қалып, атын тебініп Дәулетті тұра қуды. Ол табаны жерге тимей үйіне қарай заулады. Есік көзінде Қайша әже құрт сығып отыр екен. Жанұшыра әжесіне жеткен бала тасасына тығылғанында, жоғары көтере берген қамшысы ауаны тілгілеп түскен Әбілшайық ата оғаш қылығынан ұялыс тауып, кері қайтты. Талай бел асып, жырақтап кеткен сол бір балғын шақтың мұндай қызықтары көп еді. Әйтсе де, енді Ақкөл ауылының өсіп-өркендеуіне мол еңбек сіңірген Лақас Бегімбаевтың өмір тарихына да сәл-пәл тоқтала кетейік.

Ол 1935 жылы, яғни, кеңшар құрылғанда Ақкөлге Ертіс ауданының Суворов атындағы шаруашылығынан көшіп келеді. Жұмыс қолы тапшы кез. Басшылар қай жұмысты тапсырса да,

мемлекет мүлкін көзінің қарашығындай сақтап, титтей сұғанақтық жасамағанына тәнті боласың. Таршылық заманда адал жүріп, арын таза ұстай білген сол аталарымыздың түйені түгімен жұтуды азырқанып, мемлекет қаржысын өңешінен миллиондап, миллиардтап өткізсе де құдайдан қорықпайтын, ар-ожданнан жұрдай болған бүгінгінің жемқорларын көрсе, жағаларын ұстап, «астафыралла» деп шошынары кәміл. «Ас бұзылса тұз себесің, тұз бұзылса не себесің?» демекші, пиғылы жаманды кім тыяр?

... Осыдан екі-үш жыл бұрын Павлодар облысы Астана қаласында ауыл шаруашылығы өнімдері жәрмеңкесін жасады. Екібастұз қаласы тіккен киіз үйде Елордамызда тұратын бір топ екібастұздықтар құрметті қонақ болды. Солардың арасынан Сүйіндік аға мен Бибижан апаны көргенімде қуанып қалған едім. Сол жолы бірсыпыра әңгіме айтылып, бала күнімнен есімде қалған жайлар жадымда толықтырылды. Енді, міне, сол естелік там-тұмдап қағаз бетіне түсірілді. Ақкөл ауылының 80 жылдығы аталар тұста Қожан ата мен Лақас атаның, Бәтия әже мен Қайша әженің аруақтары риза болсын деген ой жетелеп.

Жассерік ЖӘЛЕЛҰЛЫ